

ӘОЖ 821; МҒТАР 17.09.91

<https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.09>Ф. ТӨЛТАЙ 

Памуккале университетінің PhD докторанты  
(Түркия, Денизли қ.), e-mail: faizulla.toltai@gmail.com

## ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ПОСТКОЛОНИАЛИЗМ КӨРІНІСІ

**Аңдатпа.** Мақалада әлемдегі отарланған халықтардың теңдігін қалап, анти-империалды саясат ұстанған коммунизмнің Шығыс Түркістанда орнауы мен оның Қытайдағы қазақ поэзиясына ықпалы және теңдіктің теңсіздікке ұласып, қазіргі аз халықтарға ұлтсыздандыру идеологиясын күштеп сіңіріп отырған Қытай үкіметі саясатының Шығыс Түркістан поэзиясындағы көріністері мен ерекшеліктері қарастырылды. Шығыс Түркістан қоғамындағы кедейлерді жақтаған қытай коммунизмі Кеңестік коммунизм секілді уақыт өте келе неокOLONIALды тұрғыда қарамағындағы аз халықтардың мәдениеті мен әдебиетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, ойлау жүйесіне тигізген әсері әдеби мәтіндер арқылы зерттелді.

Мақаланың алғашқы бөлігінде қоғам ішіндегі таптық бөлінушілікті жойып, кедейлер теңдігін қорғағысы келген Қытай коммунизмінің Шығыс Түркістанға енуі қазақ ақыны Мақатан Шәріпқанның дастаны арқылы талқыланды. Өлеңдегі кейіпкерлерге тоқталып, семиотикалық және семантикалық көркемдігі және ерекшелігіне жіті назар аударылды.

Мақаланың екінші бөлігінде Шығыс Түркістанға иіліп кіріп, иелік еткен Қытай үкіметінің қысымына қарамастан, қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық құндылықтар мен ұлттық болмыстың, бірегейліктің көріністері Омарғазы Айтанұлы, Жеңіс Кәкенұлы, Өркен Салубай сынды ақындардың өлеңдері арқылы талданды. Аталған зерттеулердің аясында қазіргі Шығыс Түркістан поэзиясындағы ұлттық-антиколониалды әдебиеттің дамуына аналитикалық болжамдар жасалды.

**Кілт сөздер:** постколониализм, неокOLONIALизм, колониализм, бай, кедей, Шығыс Түркістан поэзиясы, Қытайдағы қазақ ақындары.

**F. Toltay**

PhD Doctoral Student of Pamukkale University  
(Turkey, Denizli), e-mail: faizulla.toltai@gmail.com

### The Appearance of Postcolonialism in the Poetry of East Turkestan

**Abstract.** The article discusses the arrival of communism in East Turkestan, which wanted equality for the colonized peoples of the world and pursued an anti-imperial policy, and its influence on Kazakh poetry in China, as well as the manifestations and features of the policy of the Chinese government, forcibly introducing the ideology of denationalization into modern small peoples, into the poetry of East Turkestan, and its influence on Kazakh poetry in China. Chinese

\***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Төлтай Ф. Шығыс Түркістан поэзиясындағы постколониализм көрінісі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №3 (129). – Б. 120–134. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.09>

\***Cite us correctly:**

Toltay F. Shygyys Turkistan poieziasyndagy postkolonializm korinisi [The Appearance of Postcolonialism in the Poetry of East Turkestan] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №3(129). – B. 120–134. <https://doi.org/10.47526/2023-3/2664-0686.09>

communism, which spoke the language of the poor in the society of East Turkistan, like Soviet communism, influenced the culture and literature, traditions and customs of minorities under its neo-colonial perspective through literary texts.

In the first part of the article, through a poem by the Kazakh poet Makatan Sharipkan, the penetration of Chinese communism into East Turkestan, which wanted to eliminate class division in society and protect the equality of the poor, is considered. Focusing on the characters of the poem, they paid attention to the semiotic and semantic artistry and originality.

In the second part of the article, despite the pressure of the Chinese government, which owns East Turkestan, the manifestations of national values, national identity and originality in modern Kazakh poetry were analyzed through the poems of such poets as Omargazy Aitanuly, Zhenis Kakenuly, Orken Salubay. As part of these studies, analytical forecasts were made for the development of national anti-colonial literature in modern East Turkestan poetry.

**Keywords:** post-colonialism, neo-colonialism, colonialism, rich, poor, East Turkestan poetry, Kazakh poets in China.

### Ф. Толтай

*PhD докторант Университета Памуккале  
(Турция, г. Денизли), e-mail: faizulla.toltai@gmail.com,*

## Появление постколониализма в поэзии Восточного Туркестана

**Аннотация.** В статье рассматривается приход в Восточный Туркестан коммунизма, желавшего равноправия колонизированных народов мира и проводившего антиимперскую политику, и его влияние на казахскую поэзию в Китае, а также проявления и особенности политики китайского правительства, насильно внедряющего идеологию денационализации в современные малочисленные народы, в поэзию Восточного Туркестана, и ее влияние на казахскую поэзию в Китае. Китайский коммунизм, который говорил на языке бедняков в обществе Восточного Туркестана, как и советский коммунизм, влиял на культуру и литературу, традиции и обычаи меньшинств под своим неокOLONIALНЫМ взглядом через литературные тексты.

В первой части статьи через стихотворение казахского поэта Макатана Шарипкана рассмотрено проникновение в Восточный Туркестан китайского коммунизма, желавшего ликвидировать классовое разделение в обществе и защитить равенство бедноты. Акцентируя внимание на персонажах поэмы, обращали внимание на семиотическую и семантическую артистичность и своеобразие.

Во второй части статьи, несмотря на давление китайского правительства, владеющего Восточным Туркестаном, проявления национальных ценностей, национального самосознания и самобытности в современной казахской поэзии были проанализированы через стихи таких поэтов, как Омаргазы Айтанулы, Женис Какенулы, Оркен Салубай. В рамках этих исследований были сделаны аналитические прогнозы развития национально-антиколониальной литературы в современной восточнотуркестанской поэзии.

**Ключевые слова:** постколониализм, неокOLONIALИЗМ, колониализм, богатые, бедные, восточнотуркестанская поэзия, казахские поэты в Китае.

### Кіріспе

Шығыс Түркістан әдебиетіндегі ең ауқымды тақырыптардың бірі – Қытай жеріндегі отарланған қазақ халқының тағдыры. Ал отаршылдық – бір халықты екінші халыққа бағындыруды көздейтін үстемдік тәжірибесі. Десе де, отаршылдыққа қарсы

антиотаршылдық күрестің тарихы, біздің «пост» префиксі арқылы үнемі жаңылысқа ұшырайтын тек қана колониализмнен кейінгі кезеңмен шектелмейді. Постколониализм теоретигі Роберт Янгтің тілімен айтатын болсақ, колониаландыру – алғашқы сәттен бастап-ақ, өз ішіне өз күйреу дәнін еккен [1, 113-б.] болатын. Яғни, термин жай ғана уақыт көрсеткішін білдірмейді. Бейне бір модернизм ішіндегі хаостар тізбегі болып есептелетін постмодернизм секілді постколониализм де ең әуелі колонияның ішінде пайда болады. Оған Шығыс Түркістанның әлі күнге дейін отарланып жатқанымен, постколониалды аспектіде қарастырған тиімді.

Постколониалист-зерттеушілер, жергілікті мәдениеттерге бұрынғы отаршыл державалар едәуір ықпал еткенін атап өтеді. Осы тұрғыда постколониалды қозғалыстардың негізінде саясат пен тарихи оқиғалар тұрғанымен, мәдени өзгерістер де шешуші рөл атқарады. Бұл постколониализм белгілі бір тарихи процесті сипаттай отырып, мәдени өзгерістердегі қиындықтарды да көрсетіп береді. Постколониализм теоретигі Патрик Хоган тілімен айтатын болсақ, «отаршылдық байланыстар негізінен жергілікті мәдениетке нұқсан келтіреді. Қоғам үшін дәстүрлі идеяларды бұрмалап, ұлттық болмыстың динамикасын азайта түседі. Осылайша, ұлттық болмыс қоғам үшін күрмеуі шешілмес проблемаға айналады [2, 784-б.]. Яғни, Хоганның пікірінше, отарлау процесінде отарланған елдің мәдени мұрасымен бірге, ұлттық болмысы да жоғалады. Отарланған ел мәдени құндылықтарын жоғалта бастағанда, сәйкесінше ұлт та өзінің ұлттық болмысының құлдырауынан зардап шегеді. Ал постколониализм осы «жоғалтулар» немесе «өзгерудер/шағылысулар» негізінде қалыптасқан мәдениет ұғымын басты назарда ұстайды. Этнология және антропология салаларындағыдай постколониализм теориясында мәдениет ұғымы өте үлкен орынға ие.

Постколониалды теория – Солтүстік Америкадағы және басқа да Батыс отаршыл елдердегі ғалымдар тарапынан түзілген һәм іске асқан зерттеу жүйесі. Постколониалды теория жайлы айтқанымызда алғашқы болып Гаятри Чакраворти Спивак, Хоми К. Бхабха, Эдвард Саид, Франц Фанон, Ернст Ренан, Роберт Янг сияқты ғалымдар еске түседі. Эдвард Саид, Хоми Бхабха және Гаятр Чакраворти Спивак секілді есімдер постколониализм саласының құрушылары болып саналады. Ең қызығы, постколониализм саласы Эдвард Саидтің «Ориентализм» кітабынан бастау алғанымен, Э. Саидтің өзі аталған «концепцияның теоретигі» болатынын, тіпті Чакраворти Спивак пен Хоми Бхабха да дәл мұндай нәтижеге қол жеткіземіз деп ойламаған болуы мүмкін. Аталған терминді Англияда Стюарт Холл мен оның оқушылары «мәдениеттану» деген атаумен пәнаралық зерттеулеріне қосып, Англиядан АҚШ-қа ойысқанда этнографиялық формаға ие болғанын және Америкада дамығанын да ескергеніміз жөн. Бірақ Р. Янг постколониализм – батыстық немесе батыстық емес ғылымға жатпайтынын ескертсе де, Эдвард Саид өзінің «Шығыстану» [3], Хоми Бхабха «Айырмашылық, кемсіту және отаршылдық дискурсы» [4] және Гаятри Спивак «Постколониалды ақыл-ой сыны» [5] атты шығармаларымен постколониалды қозғалысқа жол ашқанын ешкім жоққа шығармайды. Бхабха мен Спивак постколониализм туралы зерттеулерінде тек қана отаршылдықтан кейін кезеңді емес, отаршылдық пен отаршылдыққа дейінгі мәселелермен де айналысады. Бұл мақаламыздың жоғары жағында айтқан сөзімізді тағы да дәлелдей түседі.

Хоми Бхабха постколониализм тарихи ұғым емес, керісінше, ол әлемдік азшылықтар мен нәсілдік проблемамен айналысатын сала ретінде модернизация процесінің маңызды бөлігі екенін айтады. Оның постколониализмді қабылдауының негізінде мәдени әртүрлілік, әлеуметтік бедел және саяси ерекшелік жатыр. Дегенмен, оның басты қызығушылығы – колониядағы аралас нәсілге көзқарас. Оның айтуынша, бұл өнер, әдебиет, сәулет, әлеуметтану, антропология, экономика және саясат сияқты көптеген салаларды қамтитын плюралистік кезең. Жалпылай алғанда, Бхабха отаршылдық тудырған мәдени аралықты (interstice) және гибридіті (hybridity) көрсетуге тырысады.

Бхабха көбіне мегаполисте нәсілдік қысымда өмір сүретін мигрант субъектісіне тоқталады. Отарланған субъекті мен мегаполистегі иммигрант арасындағы айырмашылық бірте-бірте жойылып, олардың бірін-бірі алмастыра бастағанын көрсетеді. Империализм мен нәсілшілдік арасындағы айырмашылықты жоятын, екі түрлі тарихи және әлеуметтік жағдайды біріктіретін/айыратын тенденция Бхабханың арнайы атап өткен нүктесі болып табылады. Бхабха «постколониалдық» концепциясына адамдардың осы екі түрін біріктіру арқылы жасаған дифференциациясын жатқызады [4, 56–63-бб.].

Гаятри Чакраворти Спивак постколониализмді отаршылдықтың мәдени, саяси, әлеуметтік және психологиялық әсерлері ұзақ уақыт бойы жалғасатын кезең ретінде бағалайды. Ол постколониализмді әдебиет тарихындағы жаңа сала ретінде қарастырып қана қоймай, оның жаңа көзқарастар ұсынатын, көзқарасты өзгертетін қыры бар екенін алға тартады. Отаршылдық қатынастардағы Саид пен Бхабха сияқты экономикалық жағдайларды кінәлайды. Спивак әсіресе таптық, этникалық және нәсілдік кемсітушілікке баса назар аударады. Оның жұмыстары көбіне отарланған нәсілді физикалық және психологиялық жағынан басып-жаншу механизмдеріне арналады. Ол отарланғандар арасындағы әйелдерге маңызды функция жүктеп, гегемониялық тәртіптегі әйелдердің қысымы жайлы сөз қозғайды. Спивак отарланғандар, яғни субалтерндер туралы сөз қозғағанда еуропалық гегемонияны сынайды. Яғни, Еуропаның Шығысқа қатысты позициясындағы гегемония тек үстемдік ету ғана емес, субъекті болу деп есептейді. Ал отарланған халықтың барлығы езілген, жаншылған, объектіленген субалтерндер [5]. Спивактың бұл пікірі есімізге Эйме Сезердің «отарлану – заттану» деген сөзін түседі. Заттану, белгілі бір мағынада отарланған кісінің бір объектіге немесе бір өндіріс құралына айналу [6, 38-б.] дегенді білдіреді дейді Сезер.

Эдвард Саид Шығысты «Еуропаның ең бай, ең көне отарланған мекені, өркениеттері мен тілдерінің қайнар көзі, мәдени бәсекелесі» дей келе, отаршылдықтың негізінде Шығыс пен Шығыстың иелігін басып алу жатыр деп атап көрсетеді. Жалпы Шығыстың мәдени байлығына мән берген Саид бұл тұрғыда Еуропа Шығысты өз бейнесінде қабылдағанын, сондықтан ориентализмнің ойлау тәсілі екенін алға тартады. Ол Батыстың Шығысты иемдену ниетінен басталған отаршылдық қозғалыс Еуропаның үстемдігін жүйелі және саналы түрде бекітуді түсіну екенін айтады [3, 20-б.].

Постколониализмді отаршылдықтан бөлек деп есептейтін теоретиктер де бар. Дәл осы тұрғыда Хорхе де Альва постколониализм отаршылдыққа қарағанда постструктуралистік өріске жақынырақ деп тұжырымдайды. Оның пікірінше, постколониализмді тарихтың постструктуралистік концепцияларымен түсіндіруге болады [7, 30–31-бб.]. Тарихшы және мәдениет сыншысы Рассел Якоби постколониалдық ұғымды «(...) академиялық ойды шатастыратын термин» [7, 9-б.] деп атайды. Якобидің пікірінше, постколониализм ұғымын қанағаттанарлық түрде түсіндіру қиын. Оның гетерогенділігі және пәнаралық сипаты ұғымды түсінуге кедергі келтіреді. Себебі, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отарлаудан азат болған көптеген елдердің халықаралық қатынастары өзгерді дейді мәдениет сыншысы.

Қалай десек те, постколониализм – диалектикалық ұғым. Өз ішінде колонизациядан бастап, оның барлық салаларға тигізген әсері мен ықпалын, яғни процесті һәм нәтижені қарастырады. Басқаша айтқанда, өткеннің ескі объектілерін тарихтың жаңа субъектілеріне айналдыруға ұмтылады. Осы тұрғыда алып қарайтын болсақ, постколониализм – неоколониализм, нәсілдік, гендерлік, ұлтшылдық, таптық және этникалық топтардың өрісін анықтайды. Бұл үшін постколониализм мәдени қақтығыстар мен шағылысуларды гибридизация, креолизация, метисация, диаспора, субалтерн және т.б. [8] концептілерді қажет етеді. Әрине, концептілер мұнымен шектеліп қалмайды. Бұл концепттер Шығыс Түркістанды зерттеуімізге өте-мөте қажет болғаннан кейін жекелей жазып отырғанымызды ескерткеніміз жөн.

Біздің зерттеу мақсатымыз – Шығыс түркістандық Мақатан Шәріпқан, Омарғазы Айтанұлы [9, 37–57-66.], Жеңіс Кәкенұлы, Өркен Салубай [10] сынды ақындардың мәтіндеріндегі әдеби-поэтикалық эксперименттер арқылы езілген таптың еңсесін көтеруге келген Қытай коммунизмінің Шығыс Түркістанға енуін, уақыт өте келе Қытай билігінің кедейленген халықты ұлтсыздандырып, солақай идеологиясын аз халықтарға сіңіруін сихронды түрде көрсету және постколониализмнің көрінісін айқындау.

Қытай үкіметінің қысымына төтеп беру үшін, цензурадан өту үшін дәстүрлі мәтіндерден, ирреалды мәтіндер жазуға машықтануы – Шығыс түркістандық ақындардың бірден бір ерекшелігі. Бұл тұрғыда табиғат, миф, аңыз, ертегілерге сүйенген өлеңдер көптеп кездеседі. Модерн қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Омарғазы Айтанұлының «Далалар», «Менің Шығысым» сынды шығармалары табиғаттың еркіндігі арқылы ұлттың еркіндігін суреттеуге тырысса, Жеңіс Кәкенұлы «Менің қара шалдарым» деп шежіре мен ұлттық танымды бірінші орынға қойғанын байқауға болады. Мұнымен қоса, әдеби мәтіндерде (өлеңдерде) көшпенді сана, түркілік мотив, ортақ әдеби элементтердің гипермәтіндік ерекшеліктері үлкен маңызға ие.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Шығыс Түркістандық қазақ ақындары Мақатан Шәріпқанның «Домбыра» дастаны, Таңжарық Жолұлының «Уа, жігіттер», «Омарғазы Айтанұлының «Далалар», Жеңіс Кәкенұлының «Қара таудың елдері», Өркен Салубайдың «Саналық қауышу» өлеңдерін тандап алдық. Мәтіндерді талдауымыз үшін постколониализм теориялары мен ұлттық концептілерді ішінара байланыстыра отырып, Э. Саид «Orientalism» [3], Хоми Бхабха «The Location of Culture» [11, 295-б.], Фарнц Фанон «Black Skin, White Masks» [12], Роберт Янг «Postcolonialism: An Historical Introduction» [13], Ашиль Мбембе «On the Postcolony» [14], Вивек Чиббер «Postcolonial Theory and the Specter of Capital» [15] сынды және т.б. зерттеушілердің еңбектері мен пікірлері пайдаланылды.

Шығыс Түркістандық қазақ ақындарының шығармаларындағы постколониализм көрінісін бағалау және бағамдау мақсатында семиотикалық, семантикалық, постструктуралистік, антропологиялық және т.б. көркем әдістер қолданылды. Зерттеу кезінде ақындардың өлеңдеріндегі саяси-әлеуметтік ұғымдардың ұлттық ұғымдармен байланыстырылуына ерекше көңіл аударылды. Семантикалық әдістер арқылы мәтіндердегі мифтік, аңыздық және табиғат суреттеулерінде антиколониалдық көріністер айқындалды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Постколониализм – отаршылдықтың мәдени мұрасын талдау мен реакциялардан тұратын өзіндік постмодерндік интеллектуалды дискурс. Басқаша айтқанда, еуроцентризмге, отаршылдық идеологияға, нәсілшілдікке, саяси және экономикалық детерминизмге сын [15, 18-б.]. Біз бұл тұрғыда Еуропа колониализміне қарсы, яғни Гегельдің философиясындағы құл мен иенің статустарын жою, буржуаға протест, қарапайым шаруаның құқығын қорғау, үшінші әлемдегі колониялық мемлекеттердің автономиялығы, әрісі тәуелсіздігі туралы қарсылықтың нәтижесінде анти-колониалды, анти-империалды саясатты ұстанған коммунизмнің [13, 135-б.] Кеңес одағындағы көріністеріне қарап, бұл танымдамаларға күмәнмен қарауға мәжбүрміз. Тіпті 1917 жылы Большевиктер Революциясы, 1919 жылында Коминтерннің, 1929 жылы Империализмге Қарсы Одақтың Ленин тарапынан құрылуы, коммунизмнің XX ғасырдағы ең алғашқы анти-империалист саясат [13, 135-б.] жүргізгенін Түркістан елдерінің Кеңестік кезеңдегі тарихына көз салып, сену қиын.

Десе де, коммунизм әлем елдеріндегі құлдық пен жұмысшы тап өкілдерінің теңсіздігін қорғайтын, адамзаттың барлығы бір деңгейде екенін көрсету үшін құрылған саяси-экономикалық философия еді. Осылайша, Ресейде Ленин, Үндістанда М.Н. Рой, Қытайда Моу Цзэдунның революциялары осы негізде орын алған болатын. Әлемдегі теңсіздікті

жойып, ақ пен қараны, бай мен кедейдің терезесін тең қыламыз деген желеумен формалды тұрғыда қызыл идеологияның тарих сахнасына шығуы сол уақыттағы Шығыс Түркістан поэзиясына да едәуір дәрежеде ықпал етті. Ендігі уақытта байлардан өз қақын алуға ұмтылған кедейдің сөзін сөйлейтін коммунизм жайлы көптеп жазыла бастады. Шығыс Түркістанға коммунизмнің келуін Мақаттан Шәріпқанның «Домбыра» атты дастанынан ерекше көрініс тапқан. Дастанның жалпы сюжеті Жарлықұл есімді кедейдің Байқажы атты байдан кек алуы, кедейлердің бағы жанғанын суреттейді.

Қан сасып Шын Сысайдың түрмелері,  
(Үрімжі қап-қараңғы түнек еді).  
Моу Цзэмин интернационал әнін айтып  
Темірдей жұдырығын түйген еді.

Тұңғыық түрме ішінде жатса-дағы,  
Күресті ол, қаймығуды жат санады,  
Шын сенді туған елі еститінін  
Ертен-ақ «Жеңіс!» деген шат хабарды.

Ал бүгін ондағыдан қала бөлек,  
Жасалық тас болаттан қалап ерек,  
Қабірін Чин Тианчу мен Моу Цзэминның  
Біз қойдық қанымыздай гүлмен бөлеп [9, 38-б.].

Байқап отырғанымыздай, Мақаттан ақын «Домбыра» дастанының кіріспе бөлімінен-ақ, коммунизмнің келгеніне қуанып, 40-жылдардағы Үрімжі түрмесінде көз жұмған Чин Тианчу мен Моу Цзэминнің қабірін гүлге бөлеп қойғанын мақтаныш тұтады. Себебі бұл ескі идеологияда қос есім кедейдің бағы үшін күрескен шын батырлар деп есептелінген. Автор қан сасыған Шын Сысай түрмелерін суреттеу арқылы «буржуазиялық өркениеттің асқан екіжүзділігі мен имманенттік варварлығын» [13, 138-б.] оқырман көзіне жандандырғысы келеді. Ақын Мақаттанның «Моу Цзэмин интернационал әнін айтып» дегені біз үшін өте маңызды. Маркс пен Энгельс «Коммунистік манифестте» ұлтшылдықты коммунизмге қарсы айқын түрде позициялап, өздерінің эмансипация бағдарламасының интернационалистік саяси негіздерін атап көрсетеді [13, 144-б.]. Яғни, «ұлтшылдық = империализм» идеясы кейіннен ұлтсыздандыру, мәңгірттену идеясының негізіне айналады.

Шаттықтың күйі тарап Үрімжіден,  
Ғажайып жаңалықпен сүйіндірген.  
Жырласақ Моу Жушиды домбыра алып  
Тап жауы қалтырайды үнімізден [9, 39-б.].

Моу Жуши – қытайша мемлекет көсемі Мау дегенді білдіреді. Автор шығарма кейіпкерінің қолына домбыра беріп, Моу Жушиді жырлағанын суреттейді. Домбыра және Моу Жуши символдарының бір мекенде түйісуі мәдениеттердің гибридтенуін білдіреді. Моу Жушидің гегемониясында қалған домбыра (қазақ интеллектуалдығы символы) ендігі уақытта өз субъектілігінен айрылып, «бөтеннің машинасына» [7, 51-б.] айналады.

Автор шығармада кейіпкерлер есіміне де үлкен мән береді. Мысалы, антигерой Байқажы бай болатын болса, оның қол астында ақысы желінген кедейдің есімі – Жарлықұл. Ең қызығы, Жарлықұл қызыл армияның құрамына өткеннен кейінгі аты Бақытбек болып өзгереді. Яғни автор жарлы бір құлдың теңдігі үшін күрескен қызыл армия құлды бақытқа бөледі дегенді айтқысы келеді.

Байқажы бандылардың атаманы,  
Жиғаны қайдағы оның «ата малы»  
Ел шапты, кісі өлтірді жортуылдап  
Шеңгелдеп қансоқта еді асағаны.

Жарлының ұрлаттырып жалғыз атын,  
Қанаты сынған құстай қалғызатын.  
Жол тосып жолаушыны тонап алып,  
Өзегін шөл далада талғызатын.

Атанса арғы атасы кәрі қажы,  
Басына киіп зерлі алтын тәжі,  
Жасынан шариғатпен билік айтып,  
Бұл өзі атаныпты бала қазы

Тіктіріп ақ ордасын алты қанат,  
Бәйбіше бұлде оранса қабат-қабат.  
Байқажы қамшы үйіріп аумағына  
Жеті бас жалмауыздай жалақ қағад [9, 40-б.].

Көріп отырғанымыздай, Байқажы – банды, атаман, ел шапқан, кісі өлтірген қылмыскер, ұрлықшы, жалмауыз. Яғни, тым болмаса Жарлықұлдың, дұрысы сол кезеңгі Бақытбектің көзінде Байқажы осындай образдағы адам. Бірақ Байқажы расында суреттегендегідей адам ба?! Әрине, Жарлықұлдың көзімен қарасақ, артық-кемі жоқ. Бірақ төмендегі шумақтарға назар аударғанмызда ішімізге басқа ой салады.

Оспанды қанды балақ іздемекші,  
Найзамен кезіккенді түйремеңкі.  
Тапса егер ақсақ жыртқыш алаяқты  
Кеңесіп беталысты түземекші [9, 48-б.]

Немесе:

Байқажы ат жинатып тағалатқан,  
Қасқырдай түнде жортып, таңда жатқан.  
Сытылып мына таудан ана тауға  
Қосылмақ банды Оспанға қанға батқан [9, 49-б.].

Осы жолдар арқылы Байқажының мақсаты Оспанның, шығарма тілінде айтатын болсақ, банды Оспанның қатарына барып қосылмақ екенін білдік. Тіпті кейіннен қосылу емес, «беталысты бағамдап, ақылдасу» үшін бара жатқаны, Байқажының «банды» Оспанмен таныс һәм бір мұратта екенін аңғартады. Ал мұндағы қызыл идеологияның банды сыпатын берген Оспан, ұлт-азаттық қозғалысының басшысы, 11 жыл бойы Қытай үкіметі, Кеңес үкіметі, Моңғол үкіметімен қатар соғысқан қазақтың алып бахадүрі. Шығыс Түркістаннан Қазақстанға қоныс аударған қазақтың көрнекті ақыны Жәркен Бөдеш Оспан батыр жайлы жырында:

Оқ тиді. Оспан құлады,  
Шулады елдің құлағы.  
Анадай жерге кетті ұшып,  
Алтайы пұшпақ тымағы.

Жолбарыс сынды ақырғы,  
Басы бар батыр атылды.  
Басы жоқ тобыр селк етіп,  
Қарасын құмға батырды [16] –

деп ұлт жолында шешит болған Оспан батырдың атылу сәтін суреттейді. Мұнымен қоса, Әбдікәрім Ынтықбайұлы, Қозыбай Құрман, Ғалым Қабибекұлы, Байыт Қабанұлы, Бақытбек Бәмішұлы [16] сынды қазақ ақындарының Жәркен Бөдеш секілді бірінен кейін бірі Оспан батырға жыр арнауы, оның ешқандай банды емес, керісінше ұлт-азаттық қозғалыстардың жетекшісі, хас батыр екеніне көзіміз жетеді. Демек, қызыл әскер Шығыс Түркістанға теңдік

орнату желеуімен кірген сәтте Байқажы да Оспан секілді банды болып шыққан. Яғни, бұл жерде «отаршыл империяның жүргізген саясатының нәтижесінде қазақ жұртында екі арнаға бөлінушілік орын алғаны» [17, 156-б.] белгілі. Бірақ кешегі идеологияның антигеройы қазіргі уақытта қаһармандар қатарынан табылады. Себебі отаршылдыққа қарсы күрес өкілдері өз өмірін отаршылдық саясатқа қарсы тұруға арнады [18, 126-б.].

«Сүйінші, уа, Жарлықұл, сүйінші бер?

Күн туды кедейлерді сүйіндірер!

Күн туды ата жауды аттан жұлып,

Желкелеп бір-ақ жола көрге итерер.

Моу Жуши! Ол туған күн, жатта атын.

Жетімнің жетілдірер жас қанатын.

Моу Жуши, Гончандан деп шерт күйінді.

Күн туды бай қара тас жастанатын.

Мұны айтқан Мау Жушидың армиясы.

Сөзімнің әзірше осы жариясы

Өздері келе жатыр,

Шаш шашуды –

Кедейдің кемпір-кешек қариясы»

Мау Жуши деген есім Жарлықұлдың,

Өшпестей жүрегіне жазылды мың.

Жүгірді әйеліне айтпақ болып,

Туды деп күні біздей жарлылардың [9, 43–44-бб.]

Сүйіншілей келген қызыл идеология осылайша Жарлықұлдардың жағында болады.

Мау Жушидің армиясы сіңірі шыққан кедейлердің барлығына теңдік алып берем деген ұранмен Шығыс Түркістан топырағына аяқ басады.

Барлық ұлт бір туысқан, терезең тең,

Шалқая жайсаң енді құлашың кең.

Үйіріп бай қамшысын тұрған кезде

Шын күліп қайсы бірің қуанып ең? [9, 45-б.]

Автордың мұндағы «барлық ұлт бір туысқан, терезең тең» деген сөзі шығарма басындағы «интернационализм» турасындағы айтқанымен сәйкес келеді. Шынында «барлық жұмысшы тап өкілдерін бөлетін олардың ұлтшылдығы» деген ұранмен әуелі ұлтты жойып, белгілі бір коммунаның астында тең дәрежеде өмір сүруді көздеген болатын. Бірақ Кеңес одағы орыстандыру, Қытай үкіметі қытайландыру саясаты арқылы ұлтсыздандыру, мәңгірттендіру идеясын жүзеге асырғысы келді. Осы үшін Оспан батыр атқа қонды, Байқажы да Оспанға қосылғысы келді. Нәтижесінде Жарлықұлдардың бағы жанып:

«Кедейдің кеше қашан бағы ашылған,

Ал бүгін айбындымыз бар ғасырдан.

Күн қайда жауды жоймай күң мен құлға,

Аламыз таптық кекті Байқажыдан!» [9, 47-б.] –

деп ұран салады. Мұндағы ескеретін тұс, Қытай коммунизмін терістеу арқылы Жарлықұлды да кінәлауға болмайды. Таптық кемсітушілікке ұшыраған кедейлерді объект ретінде қолданған коммунизм әуелі мақсатынан мүлде басқа бағытта іс жүргізді. Әйтпесе Түркістан халықтарының әлеуметтік құрылымы мен ұлтшылдығы бір салада қолға алынбау керек. Нәтижесінде Жарлықұл да, Байқажы да қазақ ұлтының өкілдері.

Дастан соңында Байқажы қайтыс болып, Жарлықұл, ендігі уақытта Бақытбек байдан кегін алады. Кегін алып қана қоймай, «Алынған кек» атты күй тартады. Міне, шығарманың атауы осы жерде байланысады. Ендігі кезекте қызыл тудың жаршысы қызыл домбыра дейді



Бақытбек. Яғни, постколониалист теоретик Хоми Бхабханың тілімен айтатын болсақ, өткен мен қазіргі уақыт мәдени артефакт үшін сағыныш емес, өмірдің міндетті қажеттілігіне айналады [11, 51-б.]

Әлемдегі ең алғашқы анти-империал саясатты ұстанған коммунизм Шығыс Түркістан қақпасынан осылай аттаған болатын. Бірақ оқиға мұнымен аяқталмады. Қытай шекарасындағы аз ұлттарды қанау, жаншу, оларды қытайландыру, ұлтсыздандыру, әдебиеттегі цензура әлі күнге дейін жалғасып келеді. Оған дәлел, Шығыс Түркістаннан Қазақстанға қоныс аударған модерн қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мұрат Шаймаранның 2019 жылы Қазақ әдебиетінің жылдық қорытындысында оқыған баяндамасы дәлел: «...Біз Қытайдағы қазақ әдебиеті хақында ақпарат алу мақсатымен сол жақтағы жазарман-сызармандармен хабарласып көрдік. Хабарласып көрдік те, көңілімізді алаңға, үмітімізді үрейге алдырдық. Шынын айтқанда, ол жақтағы қазақ қаламгерлерінің халі тым мүшкіл, катал тәртіп пен бақылаудың астында екен. Біздің сауалымыздан ат-тонын ала қашқандар көп болды. Иә, оларды мен әбден түсінем. Қылышынан қан тамған биліктің жетегінде өмір сүрудің не екенін қазақ қаламгерлері, соның ішінде кеңестік жүйені көргендері жақсы білер. Мүмкін, Қытайдағы қазіргі саяси цензура аталмыш «мәдениет төңкерісінен» де асып түскен шығар...» [19].

Көріп отырғанымыздай, Қытай билігінің Шығыс Түркістанға имене кіріп, халықты үлкен үрей мен қысымның астында ұстау, отарлау, бодан қылып билеу идеологиясы жүргізіліп отырғанын байқай аламыз. Бірақ бұл ұлтты материалды тұрғыда толығымен жойып жібереді дегенді білдірмейді. Себебі отарлаушы өзін бар ету үшін оның санасына қызмет ететін мәңгірт тектес жерлікті тұрғындарға мұқтаж. Осы тұрғыдан алғанда отарлау – жоқ ету және жасау, жоқ етіп жарату, жоқ етуді жарату және жаратуды жоқ ету, жарату үшін жарату, жоқ ету үшін жоқ ету секілді екі бағытты қозғалысты іске асырады [14, 243-б.].

Кешегі колониялардың ошағы болған, қазіргі таңда неоколониализмнің мекеніне айналған Батыс өлкелері Қытайдың классикалық үлгідегі колониализмді жалғастырып отырғанын айыптайды. Әрине, қанаушы тарапты айыптау арқылы Батыс өлкелерінің өздері де тарихта отаршылдық саясатын дамытқан болатын. Себебі жаңа отаршылдық жағдайда үстем таптардың элитасы халықаралық капиталдың қажеттіліктеріне өз мүдделері үшін араласады. Бұл аудитке Дүниежүзілік сауда ұйымы, Дүниежүзілік банк (Халықаралық қайта құру және даму банкі) және Халықаралық валюта қоры сияқты әлемдік қаржы ұйымдары да қатысады [13, 61-б.]. Яғни, ресми түрде колониядан толық құтылып, тәуелсіздік алған өлкелердің өзі экономикалық, идеологиялық тұрғыдан Батыс өлкелеріне тәуелді дегенді білдіреді. Неоколониализм бүгінге дейін жалғасып келе жатқан экономикалық гегемонияны және постколониалдық мемлекеттердің ескі қожайындарына тәуелді болып қалатын және ескі қожайындардың бұрынғы отарланған мемлекеттерге отаршылдықпен жақындауын жалғастырған жағдайды білдірді. Бұл туралы кешегі Францияның отарында болған Гана Республикасының тұңғыш президенті Кваме Нкрума өзінің «Империализмнің соңғы кезеңі. Неоколониализм» атты еңбегінде «неоколониализм – империализмнің ең сорақы түрі. Тәжірибешілер үшін бұл жауапкершіліксіз билікке ие болу дегенді білдіреді, ал зардап шеккендер үшін бұл орны толмас қанау [20, 8-б.] деп сипаттайды. Нео және классикалық отарлаудың қазіргі Шығыс Түркістан поэзиясына ықпал тигізіп отырғаны да жасырын емес. Осы жерде алып империяға білегімен төтеп бере алмаса да, өнерімен төтеп беру аз халықтардың ортақ ең үлкен қаруы деп білеміз. Поэзиядағы өткенді аңсау, сағыну, көне түркілік, көшпенді мәдениетті насихаттау, қоңырлық сынды тақырыптардың көптеп жазылуы да осының бір айғағы. Белгілі бір қысымның жаңа мағына тудыратынын ескерсек, Шығыс Түркістан поэзиясында ашық тақырыптар қозғалмайды. Мысалы Тарбағатайдың Дәрбілжін ауданы Орқашар тауында дүниеге келген, небәрі 23 жасында көз жұмған (1961–

1984) ақын Жеңіс Шәкенұлының «Қара таудың елдері» атты өлеңінен далалық мәдениеттің айқын көрінісін көруге болады.

Шағи белбеулі,  
Ақ құр белдеулі.  
Нардың сүті төгілген қара тауларым,  
Жасылдың тұмсығы дал болған жартасым.  
Түн кезген бүрге,  
Маңыратып көтертпе,  
Ауылдың лағын, марқасын.  
Еңіретсең біреуді,  
Ертесі –  
Азабын мың есе тартасың.  
Кез ғой бұл  
Қорықпай жолбарыс, аюдан.  
Түлкі де сонарда түсте ұйықтап,  
Ақшамда жортатын.  
Мекендеп қалған соң,  
Адамдар ортасын [21].

Табиғаттан біте қайнасқан дала мәдениетін суреттей отырып, ақын «Еңіретсең біреуді, Ертесі – Азабын мың есе тартасың» деуінде де үлкен мән жатыр. Адамдар ортасын мекендеген жолбарыс, аю, түлкіні суреттей отырып, тіпті жабайы деп есептелетін бұл жануарлардың «адамдар ортасын» мекендеуі көшпенділердің зиянсыз екенін айтқысы келетіндей.

Нардың сүтін емген қара тауларым.  
Қара шалдарым,  
Қараған қаққан майлы шалбарын.  
Сол менің байтақ даламда,  
Дүлдүлдің ізі қалған жандарым.  
Сол менің  
Иісі бұрқыраған ерменнің,  
Қажырлы, қажымас ерлерім.  
Басына көтерген туған жерлерін,  
Тау деу керек таудың елдерін,  
«Таудай» дейтұғын таудың елінде.  
Қара таудың қаны бар,  
Қара таудың қалы бар,  
Қара аюдың жалы бар,  
Кісінесе жылқы қай жерде,  
Сол жерден сол ел табылар,  
Көбейсін жылқы жануар [21].

«Нардың сүтін ему», «байтақ дала», «дүлдүлдің ізі», «иісі бұрқыраған ермен», «тау деу керек таудың елдерін» сынды сөздері арқылы ұлтшылдықты, көшпенділікті, еркіндікті инперпретациялайды ақын. Өлең соңында «көбейсін жылқы жануар» деуі де көшпенді халықтың бірігуін, ұлт туының астында жинауын көздейді. Себебі жылқы жануары көшпенділер үшін ерекше қасиетке ие. Кісінеген жылқы үстіндегі көшпенді әскерін көз алдыңызға жандандыратын өлең – толықтай антиколониалды өлең. Қарап отырсақ, өлеңде ашық бір мағына бермейді. Тек табиғатпен, қоршаған ортамен, таудың таудай елдерін суреттеу арқылы ұлттың азаттығын суреттейді. Постколониалды зерттеулерде колониалдылыққа қарсылықты табиғатпен суреттеу әдісі бар. Мысалы, ағылшын романтик

ақындары Саутей мен Уордсворт шығармаларында да кездесетін жабайы табиғат идеясы колониялдылыққа, дәлірек айтсақ құлдыққа қарсылық мағынасында қолданылды [13, 101-б.]. Табиғаттың еркіндігі мен қазақтың еркіндігін суреттеуде озық үлгілер көрсеткен қазақтың көрнекті ақыны Омарғазы Айтанұлын айтып кетпеуіміз мүмкін емес.

Қаңбақ па домалаған?  
Далалар – таңғы түс.  
Ұзатылған қыз,  
Ол және  
Қанаты талған құс.  
Жеңілген көшпенділер –  
Далалар  
Солардың жығылған туы.  
Оққа ұшқан арғымақтың –  
Далалар соның  
Терсіген буы.  
Жым-жырт адырлар  
Ұйқысы  
Отыншының балтасы қалған,  
Кәрі жыңғылдың таты  
Соның қызыл қанына боялған.  
Түйелердің сірі табаны ма  
Қонырау үні құмға басқан  
Басы жоқ, соңы жоқ  
Қара жолдар  
Ұзын-ұзын ескі дастан [9, 73-б.].

Бұл ақынның «Далалар» атты өлеңі. Өлеңнің өзіне тән метафизикасымен оқырманды бірден баурап алады. Отарланған Шығыс Түркістанды отарлаушы елден құтқару үшін ақын даланы «таңғы түс» деп алып, оған ирреалды мағына үстеп еркіндік сыйлайды. Бұл бейне бір экзистенциализмде Хайдеггердің концепт жасауда қолданған техникасы іспетті. Болмыс орнына Design терминін қолдану арқылы философиядағы ескі ұғымдардың гегемониясын құтылып, жаңа мағына зерттеуге мүмкіндік туады дейді Хайдеггер. Дәл осы секілді Оманзағы Айтанұлы да далалар – таңғы түс деуімен отарланған даланы қайтадан еркіндікке қауыштырғысы келеді. Бірақ таңғы түс ұзаққа созылмауы мүмкін. Себебі сәлден соң таң атады. Дала қайтадан құрсауға түседі. Ал өңі «жеңілген көшпенділер, жығылған тулар, оққа ұшқан арғымақ, қызыл аққан қан». Мұның барлығы дала төсінде болған соғыстар мен отарлаушы елдің зұлымдығын суреттейді. Осылардың барлығын табиғатпен үндестіріп, көшпенділіктің болмысын аша түседі ақын.

Далалар таулардың анасы,  
Ұсақ төбешіктерде  
Кіндігін кескен.  
Үйсін обаларынан да үлкен  
Оның жасы.  
Ағын-ағын ой-шұңқырлар -  
Қыпшақтардың аттарының  
Тұяғы тескен.  
Далалар – осы,  
Тасбақаның аузы ма ашылған?  
Бір сынық жебе,  
Бір тас оба,

ескі құдық

Далалар міне, осы –

Аппақ қу сүйек шашылған [9, 74-б.].

Өлеңнің келесі шумақтарын оқығанымызда иен даланың азабы мен қасіретіне тағы да қанық бола түсеміз. Даланы «ұсақ төбешіктерде кіндігін кескен таулардың анасы» деуі жоғарыдағы Жеңіс Кәкенұлының өлеңімен ішінара байланысып жатқандай. «Тау деу керек таудың елдерін», ал оның анасы «дала». Ақын Омарғазы «төбешіктер» мен «таулар» деп екі жансызға жан бітіріп, оларды жанды жаратылыс секілді өсуін суреттейді. Әсілі қазақ халқының әлмисақтан осы иен далада дүниеге келіп, таудай болып жетілгенге дейін осы мекенде өмір сүргенін айтады. Расында қазақ ұлты сонау сақ дәуірінен бері осы иен даланы мекен етіп келеді. Туған жер – біздің анамыз. Осы анамыздың үстінде ұлт үшін шәһит болған қаншама адамдардың шашылған сүйегі жатыр дейді ақын.

Туған жер, Отан сынды тақырыптар қазіргі күнде де Шығыс Түркістан ақындарының қаламынан түспеген. Тіпті күннен күнге қоюланып, қытай үкіметінің цензурасынан өтуі үшін барынша күңгірттеніп келеді десек те артық айтқанымыз емес. 1984 жылы 4 тамызда Алтай аймағы, Қаба ауданының Көлбай ауылында дүниеге келген ақын Өркен Салубай отаршылдыққа қарсы туындыларын реалды әлемнен бөлек, сюрреалды бағытта жеткізуге тырысады. Оның Қазақстандағы интернеттен сайттарға жарияланған өлеңдерінің негізінде көнелік, көшпенділік, далалық мифтер мен аңыздардың жатқандығын көруге болады. Бұл бізге Қытай жерінде аз ұлттардың жойылып кетпеуі үшін барынша тіреніп, ұлттық бірлік пен менталды сананы қорғау жолында өнерді қару ретінде ұстап келе жатқандарын білдіреді. Ақынның «Саналық қауышу» атты өлеңіне назар салатын болсақ,

Қарғалар шоқып тескен денемнің арғы жағынан,

Өз топырағына көмілген қара жер көрінді.

Өңімде бәлкім көрген түсімде жорылды.

Бір мүмкінсіз ақиқат оятып жіберді,

Ғайыпқа деген мекіренген сәбилік санамды,

Үйткені мен тумай жатып-ақ танығам анамды [10].

Өлеңнің алғашқы жолдарынан-ақ сюрреалды кеңістіктің ішіне тап боламыз. Ақын осы және осы сарындас өлеңдерінің басым көпшілігінде мифтер мен аңыздардан қабырға тұрғызып, мекен жаратуға құмар. Сол мекенде ақын еркін көсіледі. «Қарғаның шоқыған дененің арғы жағынан көрінген қара жерде» ақын барлық таным мен білігін ортаға салады. Отарланған елдің тек сюрреалды мекенде ғана еркіндікпен қауыштырғысы келетіндей ақын. Отанды еркіндікпен қауыштыру жолында Омарғазы Айтан секілді Өркен Салубай да «түс» мотивіне бас ұрады. Себебі түс – ұйқы кезінде сананың босаңсуымен адамның өңінде екінші жоспарға ығыстырылған, бақылауда ұсталған немесе әлеуметтік және этикалық құндылықтармен басылған ойлар мен сезімдердің көрнекі түрде алдын ала жоспарлануы [22].

Реалдың сыртындағы сюрреалды әлемде ақын сәбилік санасымен қауышады. Мұнда «сәбилік сана» тіркесіне мән беруіміз керек. Себебі постколониализмде «отарланған сана» концептісі ерекше орын алады. Спивактың субалтеріне де осы негативті отарлық санадан бастау алады. Субалтерн – өзіне қатысты барлық парадигмалық соғыстарында жеңіліске ұшыраған және саяси-әлеуметтік тұрғыда отаршыл мемлекеттердің гегемониясында өмір сүретін адамдар [5, 50-б.]. Басқаша айтқанда, белгілі бір теориялық бағытты көрсететін отаршылдықты немесе империялық тарихты, тіпті жалпы саясатты талдауға көзқарасты сипаттайтын сын есім [15, 20-б.] десек те болады. Ал мұндағы отаршылдық «ойлау машинасы да, пайымдау органы да емес. Отаршылдық – жалаңаш зорлық...» [13, 395-б.]. Алайда мәтін сюрреалды мекенде жаратылғаннан кейін, ондағы дүниелердің барлығы кіршіксіз және пәк. Мұндағы сана да тәуелсіз, отарсыз, еркін сәбилік сана.

Сосын теңізден терең көз жасымды да кептіргем,  
Маңдайымды табаным ізіне жиналған судағы Ай сағымына өптіргем.  
Бізге жатырқап қалған дүниенің пернесін тырмалап,  
Өзімнен аумайтын біреу ішінде оның тұр қарап [10].

Сәбилік санамен қауышатын мекенде, яғни сюрреалды мекенде ақын теңіздей еркін, таулардай биік. Бірақ ақын сюрреалды азат мекеннің өзін жатырқап қалғанын да жасырмайды. Постколониалдық шығармаларда ең көп талқыланатын тақырыптық элементтерінің қатарына да осы жатсыну сезімі жатады. Бірақ бұл жатсыну индивидуалды емес, әлеуметтік жатсыну. Өз мәдениетің мен өз дәстүріңе жатсыну. Мәтіндегі отарланған кейіпкердің бір объектіге немесе бір өндіріс құралына айналып [6, 38-б.], өз субъектісін жатсынып отырғанын аңғаруға болады.

Көрмегем дәл мұндай тосырқап айнаның алдында тұрғанда,  
Әлде ол рухым ба екен тәнімнен бұрын ұрланған.  
Айтамын сосын өзіме, ол мүлде өзің емес деп,  
Саусағыма қараймын тағы түрменің қабырғасы елестеп.  
Оның дауысы маған ауасыз бостықпен жетіп тұр,  
Айтқаны тек анамның ауызындағы бесік жыр [10].

Ақынның реалды мекеннен сюрреалды мекенге «қарғалар шұқыған денесінің арғы жағынан» қарауға мәжбүр. Себебі оның реалды отаны отарланған, қысымға ұшыраған, саусақтары секілді темір торлармен құрсалған. Оған сюрреалды мекеннің мүлде өзге мекен екенін айтқысы келеді. Бірақ әлгі «біреу» оның өзінен айнымайды. Оның үні анасының аузынан шыққан бесік жыры. Оның үні көшпенді түркілік сан, оның үні еркін ұлт, оның үні самиян дала. Бірақ өкініштісі, тек сюрреалды мекенде ғана.

Өркен Салубайдың «Санамен қауышу» өлеңінде өзіне дейінгі Шығыс Түркістандық ақындар секілді туған жер мен отанның, халық пен ұлттың жай-күйі, этногенетика мен филогенетиканың әлсіреуі, ұлттық сананың отарланған санамен күресі айқын аңғарылады. Ақын реалды мекеннен сюрреалды мекенге ойысып, қазіргі Шығыс Түркістанның азабы мен қасіретін метафизикалық деңгейде суреттейді.

### **Қорытынды**

Шығыс Түркістан поэзиясын талдау кезінде ақындардың колониализмге қарсы ұлттық құндылықтар мен көшпенді сананың алғы шепке қойғаны айқындалды. Осы процесс негізінде мифтер мен фольклорға сүйенген ұлтшылдықтың әдеби көрінісі зерттелді. Отарлаушы елдің қысымынан халқын құтқару Шығыс Түркістандық ақындардың барлығының өмірлік ұстанымдарына айналғаны бағамдалды.

Авторлардың «дала – таңғы түс», «өз топырағына көмілген қара жер», «таудай таудың елдері» секілді символдардың жаңа мағынаға ие екені интертекстуалдық әдістер арқылы анықталды. Қытай идеологиясының цензурасы ақындардың танымын реалды әлемнен алыстатып, ир/сюрреалды әлемге ығыстырып бара жатқаны нақты мысалдармен көрсетілді.

«Кедейлердің күні туды» деген желеумен енген қытай билігінің ақыр аяғында Шығыс Түркістанға жасап жатқан қысымы, ұлтсыздандыру саясатына қарсы күресте өнердің алатын орны нақты әдеби мәтіндердегі дәлелдермен келтірілді. Қазіргі Шығыс Түркістан поэзиясы ұлтшылдық және антиколониалды тақырыптар аясында топтастырып, семантикалық, семиотикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер арқылы зерттелді.

Ақын Омарғазы Айтанұлының «Далалар» өлеңіндегі:  
Басы жоқ, соңы жоқ  
Қара жолдар  
Ұзын-ұзын ескі дастан [9, 73-б.] –

деуінде үлкен мән жатыр. Расында өз жерінде өзгеге отарланған елдің туған даласы қараса – көз талатын «ұзын-ұзын ескі дастан».

*Бұл мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырған АР13067896 «Орта Азия әдебиеті: постотаршылдық эстетика және әдеби байланыстар» жобасы аясында жазылды.*

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Robert J.Y. Postcolonialism: An Historical Introduction. – Oxford, UK, Blackwell, 2001. – 530 p.
2. Patriet C.H. Colonialism and Cultural Identity. – Albany: State University of New York Press, 2000 – 784 p.
3. Edward W.S. Şarkiyatçılık. Bat'nın Şark Anlayışları. – İstanbul: Metis Yayıncılık, 2017. – 409 s.
4. Homi K.B. The Other Question: Difference, Discrimination and the Discourse of Colonialism. – London: Routledge, 2013. – 288 p.
5. Spivak G. A critique of postcolonial reason: Toward a history of the, vanishing present. – London: Harvard University Press, 1999. – 464 p.
6. Aime C. Sömürgecilik Üzerinde Söylev, Fransız Irkçığının Fikri Temelleri / çev. Güneş Ayas. – İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2005. – 38 s.
7. Ania L. Kolonyalizm-Postkolonyalizm / çev. Mehmet Küçük. – İstanbul: Ayrıntı Yayınları, 2000. – 320 s.
8. Masood Raja: «Resources on Postcolonialism: Glossary» [Электронды ресурс]. URL: <https://postcolonial.net/glossary/> (қаралған күні: 15. 04.2023)
9. Күңгірт от (Қытайдағы қазақ ақындарының таңдамалы жыр жинағы) / Құр. Ақан Гүлнар. – Алматы: Шетел әдебиеті газеті редакциясы, 2016. – 160 б.
10. Өркен Салубай: «Әлмисақтан да ары, уақыттан да ескімін» [Электронды ресурс]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/orken-salubai-almisaqтан-da-ary-uaqyttan-da-eskimin\\_\\_22873](https://adebiportal.kz/kz/news/view/orken-salubai-almisaqтан-da-ary-uaqyttan-da-eskimin__22873) (қаралған күні: 15. 04.2023)
11. Homi K.B. The Location of Culture. – London, Routledge, 1994. – 295 p.
12. Frantz F. Siyah Deri Beyaz Maskeler / çev. Orçun Türkay. – İstanbul: Metis Yayınları, 2019. – 184 s.
13. Robert J.Y. Postkolonyalizm Tarihsel Bir Giriş / çev. Burcu Toksabay Köprülü, Sertaç Şen. – İstanbul: Matbu, 2016. – 652 s.
14. Achille M. Postkoloni Üzerine / çev. Merve Yalçın, Mesut Yalçın. – Ankara: Nece Yayınları, 2021. – 332 s.
15. Vivek C. Post-kolonyal Teori ve Kapitalizmin Hayaleti / çev. Afife Yasemin Yılmaz. – İstanbul: İletişim, 2016. – 462 s.
16. Әдебиет порталы. Оспан батырға арналған өлеңдер топтамасы [Электронды ресурс]. – URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/ospan-batyr\\_\\_10229](https://adebiportal.kz/kz/news/view/ospan-batyr__10229) (қаралған күні: 15. 04.2023)
17. Абдықадырова Т.Р., Абдимомынов Е.Б., Баимбетова А.А. М. Жұмабаевтың педагогикалық ой-пікірлері (Ұстаз қызметінің негізгі мазмұны хақында) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – №4 (118). – Б. 151–162. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.044>
18. Toltaу F. Muhammed Salih'in Şiirindeki Muhalif Görüşlerin İncelenmesi // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №4 (126). – S. 118–132. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.10>
19. Мұрат Шаймаран: «Қытайдағы қазақ қаламгерлері үреймен күн кешіп жатыр». [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebiati.kz/30502/ytajda-y-aza-alamgerleri-rejmen-k-n-keship-zhatyr> (қаралған күні: 15. 04.2023)
20. Nkrumah K. Emperyalizmin Son Aşaması Yeni Sömürgecilik / çev. A. Sarıca. – İstanbul: Gerçek yaumevi, 1966. – 99 s.
21. Жеңіс Шәкенұлы: «Атам соққан көкжалдан, қылшық қалған босаға». [Электронды ресурс]. URL: <https://massaget.kz/layfstay1/debiet/poeziya/5503/> (қаралған күні: 15.04.2023)
22. Vikipedi. Rūya [Электронды ресурс]. URL: [https://tr.wikipedia.org/wiki/R%C3%BCya#cite\\_note-i%C5%9Flev-39](https://tr.wikipedia.org/wiki/R%C3%BCya#cite_note-i%C5%9Flev-39) (қаралған күні: 15. 04.2023)

REFERENCES

1. Robert J.Y. Postcolonialism: An Historical Introduction. – Oxford, UK, Blackwell, 2001. – 530 p.
2. Patrick C.H. Colonialism and Cultural Identity. – Albany: State University of New York Press, 2000 – 784 p.
3. Edward W.S. Şarkiyatçılık. Bat'ın Şark Anlayışları [Orientalism. Bat's Understanding of the Song]. – İstanbul: Metis Yayıncılık, 2017. – 409 s. [in Turkish]
4. Homi K.B. The Other Question: Difference, Discrimination and the Discourse of Colonialism. – London: Routledge, 2013. – 288 p.
5. Spivak G. A critique of postcolonial reason: Toward a history of the, vanishing present. – London: Harvard University Press, 1999. – 464 p.
6. Aime C. Sömürgecilik Üzerinde Söylev, Fransız Irkçığının Fikri Temelleri [Discourse on Colonialism, the Intellectual Foundations of French Racism] / çev. Güneş Ayas. – İstanbul: Doğu Kütüphanesi, 2005. – 38 s. [in Turkish]
7. Ania L. Kolonyalizm-Postkolonyalizm [Colonialism-Postcolonialism] / çev. Mehmet Küçük. – İstanbul: Ayrıntı Yayınları, 2000. – 320 s. [in Turkish]
8. Masood Raja: «Resources on Postcolonialism: Glossary» [Electronic resource]. URL: <https://postcolonial.net/glossary/> (qaralgan kuni: 15. 04.2023)
9. Kungirt ot (Qytaydagy qazaq akyndarynyn tandamaly jyr jinagy) / Qur. Aqan Gulnar. – Almaty: Shetel adabieti gazeti redakciasy, 2016. – 160 b. [in Kazakh]
10. Orken Salubai: «Almisaqtan da ary, uaqyttan da eskimin» [I am older than time] [Electronic resource]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/orken-salubai-almisaqtan-da-ary-uaqyttan-da-eskimin\\_\\_22873](https://adebiportal.kz/kz/news/view/orken-salubai-almisaqtan-da-ary-uaqyttan-da-eskimin__22873) (qaralgan kuni: 15.04.2023) [in Kazakh]
11. Homi K.B. The Location of Culture. – London, Routledge, 1994. – 295 p.
12. Frantz F. Siyah Deri Beyaz Maskeler [Black Leather White Masks] / çev. Orçun Türkay. – İstanbul: Metis Yayınları, 2019. – 184 s. [in Turkish]
13. Robert J.Y. Postkolonyalizm Tarihsel Bir Giriş [A Historical Introduction to Postcolonialism] / çev. Burcu Toksabay Köprülü, Sertaç Şen. – İstanbul: Matbu, 2016. – 652 s. [in Turkish]
14. Achille M. Postkoloni Üzerine [On Postcolony] / çev. Merve Yalçın, Mesut Yalçın. – Ankara: Hece Yayınları, 2021. – 332 s. [in Turkish]
15. Vivek C. Post-kolonyal Teori ve Kapitalizmin Hayaleti [Postcolonial Theory and the Specter of Capitalism] / çev. Afife Yasemin Yılmaz. – İstanbul: İletişim, 2016. – 462 s. [in Turkish]
16. 16.Adebiet portaly. «Ospan batyrğa arnalğan olender toptamasy» [A collection of poems dedicated to Ospan Batyr]. [Electronic resource]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/ospan-batyr\\_\\_10229](https://adebiportal.kz/kz/news/view/ospan-batyr__10229) (qaralgan kuni: 15. 04.2023) [in Kazakh]
17. Abdyqadyrova T.R., Abdymomynov E.B., Baiymbetova A.A. M. Jumabaevtyn pedagogikalyq oipikirleri (Ustaz qyzmetinin negizgi mazmuny haqynda) [Pedagogical Thoughts of M. Zhumabayev (about the Content of the Teacher's Functional Work)] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2020. – №4 (118). – B. 151–162. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.044> [in Kazakh]
18. Toltay F. Muhammed Salih'in Siirindeki Muhalif Goruslerin Incelenmesi // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №4 (126). – S. 118–132. <https://doi.org/10.47526/2022-4/2664-0686.10> [in Turkish]
19. Murat Shaimaran: «Qytaydagy qazaq qalamgerleri ureimen kun keship jatyr» [Kazakh writers in China live in fear]. [Electronic resource]. URL: <https://qazaqadabieti.kz/30502/ytajda-y-aza-alamgerleri-rejmen-k-n-keship-zhatyr> (qaralgan kuni: 15.04.2023) [in Kazakh]
20. Nkrumah K. Emperyalizmin Son Aşaması Yeni Sömürgecilik [The Last Stage of Imperialism is the New Colonialism] / çev. A. Sarıca. – İstanbul: Gerçek yayınevi, 1966. – 99 s. [in Turkish]
21. Jenis Shakenuly: «Atam soqqan kokjaldan, qylshyq qalğan bosaga» [The threshold left from the blue grass that my grandfather beat]. [Electronic resource]. URL: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/5503/> (qaralgan kuni: 15. 04.2023) [in Kazakh]
22. Vikipedi. «Ruya» [Dream] [Electronic resource]. – URL: [https://tr.wikipedia.org/wiki/R%C3%BCya#cite\\_note-i%C5%9Flev-39](https://tr.wikipedia.org/wiki/R%C3%BCya#cite_note-i%C5%9Flev-39) (qaralgan kuni: 15.04.2023) [in Turkish]